

МОДУЛЬ 3. ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАР ЖӘНЕ ЕРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР

1. № 13. Семинар сабағының тақырыбы. Қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік- экономикалық тарихы әскери-саяси ұйымдасуы.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Қаңлы тайпалар одағы, мемлекет құрамы мен құрылысы, басқару жүйесі және қаңлылардың қоныстану аймағы, әлеуметтік экономикалық тарихы, әскери саяси ұйымдасуын жіті талдау.

3. Сабақтың мазмұны:

1. Қаңлы мемлекеті (баяндамалар):

А) Қаңлылар туралы тарихи деректер;

Ә) Қаңлы мемлекетінің саяси тарихы. Сыртқы қатынастары.

2. Талқылауға арналған сұрақтар.

А) Қаңлы мемлекетінің қоғамдық құрылымы.

Ә) Қаңлы тайпаларының шаруашылығы. Қолөнер кәсібі.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, видеоролик.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар

1. Қаңлылардың археологиялық ескерткіштері.

2. Қаңлылардың материалдық және рұхани мәдениеті.

Дәрісханада өткізілетін жұмыс:

Оқытушының алғы сөзі:

Б.з.д. III ғасырда Қазақстанның оңтүстігінде қаңлы тайпалық одағы құрылды. Қаңлылар қазақ халқының қалыптасуына негіз болған көне түркі тайпаларына жатады. Өзінің ұзақ тарихында оның шекарасы кейде ұлғайып, кейде кішірейіп отырған. Бұған әр түрлі шапқыншылықтар мен соғыстар себеп болған.

Қаңлы тайпаларының атамекені Сырдария өзенінің орта ағысы мен Қаратау жотасы болған. Қаңлы елі күшейген тұс-тарда замандағы атақты мемлекеттер Қытай, Рим, Кушан оны-мен жан-жақты байланыс жасап тұрған. Қаңлылардың күшейіп гүлденген дәуірінде олар Ташкеннен Хорезмге дейінгі жерге иелік еткен. Қаңлы елін хан билеген. Оның үш орынбасары, уәзірлері болған. Елдің астанасы Битянь қаласы. Ол қазіргі Түркістан қаласының маңында болған. Ал, екінші бір деректерде елдің астанасы Отырар қаласы болғандығын көрсетеді.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:

1-деңгей. *Картамен жұмыс.* Картадан Қаңлы мемлекетінің территориясын анықтап, контурлық картаға түсіріңіз.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

Қаңлылар табиғаты, климаттық, геогра-фиялық ерекшелігі.

3-деңгей. *Пікір-талас:* «қаңлы» этнониміне қатысты пікірлер.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері: Қаңлылардың тарихын зерттеуде жауабын таппаған сұрақтар көп. Солардың қатарында қаңлылардың шығу тегіне қатысты мәселені зерттеу.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. История Казахстана. С древнейших времен до наших дней. Т.1 – Алматы, 1996. – 531 с.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 374 с.
3. Кузенбайұлы А. История Казахстана. – С.-П., 2004. – 420 с.
4. Акишев К.А. Культура саков и усуней долины Или. – А-А., 1981.
5. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры. – А.А., 1986.
6. Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. – М., 1978.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы. Ранняя история и культура савромат. – М., 1964.
8. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
9. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., Ғыбитов Т.Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін): Монография. 1-том: Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz